



«Евразийский национальный
университет имени Л.Н.Гумилева»

Экономический факультет

Кафедра учет и анализа

ФГАОУ ВО «Российский
университет дружбы народов»

Экономический факультет

Кафедра бухгалтерского учета,
аудита и статистики

**«МЕЖДУНАРОДНЫЕ СТАНДАРТЫ УЧЕТА И АУДИТА:
ПРАКТИКА ПРИМЕНЕНИЯ В УСЛОВИЯХ ЦИФРОВОЙ
ЭКОНОМИКИ»**

**Сборник статей Международной научно-практической
конференции 16 апреля 2021 г.**

Нурсултан

УДК 657(47+57)

ББК 65.053

П78

Рекомендовано к печати Ученым советом
Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева

Рецензент – доктор экономических наук, профессор *Алиев М.К.*

Научные редакторы:

заведующая кафедрой учета и анализа ЕНУ им. Л.Н. Гумилева, кандидат экономических наук, ассоциированный профессор *Г.Д. Аманова*
PhD, и.о.доцент ЕНУ им. Л.Н.Гумилева, Жолаева М.А.
заведующая кафедрой бухгалтерского учета, аудита и статистики РУДН, кандидат экономических наук *М.В. Петровская*

П78 «Международные стандарты учета и аудита: практика применения в условиях цифровой экономики»: сборник статей Международной научно-практической конференции. Астана, 16 апреля 2021 г. – Нур-Султан: ЕНУ им Л.Н.Гумилева, 2021. – 256 с.

ISBN 978 601 337 121 4

Сборник статей научно-исследовательских работ студентов, магистрантов, докторантов, профессорско-преподавательского состава по итогам Международной научно-практической конференции 16 апреля 2021 г.

Предназначен для широкого круга читателей.

Электронная версия материалов сборника размещается на сайте www.enu.kz

Сборник научных статей участников конференции подготовлен по материалам, представленным в электронном виде. Ответственность за содержание материалов несут авторы статей.

© Коллектив авторов, 2021
© ЕНУ имени Л.Н.Гумилева, 2021

ISBN 978 601 337 121 4

Қаржылық талдаудағы қаржылық тұрақтылықтың орны

Жандерке Саяжан Нуркенқызы,
студентка 4-го курса факультета «Экономика»
специальности «Учет и аудит»
Евразийского национального университета
имени Л.Н.Гумилева
Казахстан

Аннотация. В статье рассматривается роль анализа финансовой устойчивости в общем финансовом анализе и в финансовом системе.

Кілтті сөздер: финансовая устойчивость, финансовая система, показатели, анализ, оценка, финансовые ресурсы, финансовое состояние предприятия..

The place of financial stability in financial analysis

Zhanderke Sayazhan Nurkenkyzy,
A 4th year student in
Eurasian National University
Department of Economics
Specialty "Accounting and Audit"
Kazakhstan

Annotation. The article discusses the role of financial stability analysis in the overall financial analysis of the financial system.

Key words: financial stability, financial system, indicators, analysis, assessment, financial resources, financial condition of the enterprise.

Қаржылық тұрақтылық арқылы кәсіпорынның қазіргі және болашақтағы қаржы ресурстарының жағдайын талдап, болжамдай аламыз.

Қаржылық мекемелердің массалық түрде банкроттануынан қорғану мақсатында қаржылық жүйенің тұрақтылығы қажет.

Қаржы жүйенің тұрақтылығы кең мағынада қаржы институттарының көп мөлшерде жұмыс істемей қалуын болдырмайды, қаржылық жүйенің делдалдық функциялары: төлемдер, жинақ құралдар, несиені бөлу, қаражат пайдаланушыларлы бақылау күштері мен тәуекелді елеулә бұзышылықтан алдын алуды білдіреді.

Қаржылық тұрақтылықты талдау қаржылық жүйенің тұрақтылығына төнетін қатерлерді анықтауға және де керекті саясаттың жауаптарын әзірлеуге көмектеседі. Қаржы жүйесінің тұрақтылығы мен осал жерлерін, сондай-ақ қаржы жүйені бағалаудағы экспозицияға, байланыстарға бағытталған. Экономиканың реттеуші функциясы ретінде атасақ болады. [1, 191 б.]

Қаржы нарығында өтімділікті және де төлемқабілеттілік дағдарысын тууы мүмкін, макроэкономикалық кризистерді күшейтетін немесе күйзелістерге саясаттың жауабын беруге кедергі келтіретін осалдықтарды көрсете ме немесе жоқ па соны қарастырады.

Қаржылық тұрақтылықты талдау макроэкономикалық жағдайларды, қаржы нарығындағы қаржы институттары және сол нарықтың тұрақтылығын, қаржы жүйесін қадағалау, қаржылық инфрақұрылымын бағалауды қамтамасыз етеді.

Қаржы жүйесінің тұрақтылығы дәрежесін бағалаумен байланысты саясатқа нұсқамаларды алдын алуды және түзету шараларын қамтуы мүмкін және мәселелердің шешімін табуға жәрдем болуы мүмкін.

Қаржылық тұрақтылықты бақылаудың талдаулық негізі макропруденциалды қадағалауға негізделген. Қаржы нарықтарын қадағалауға, макро қаржылық байланыстарды талдауға, макроэкономикалық жағдайларды қадағалауға септігін тигізеді. Аталып кеткен төрт элемент қаржылық тұрақтылықты талдауда маңызды рөлді атқарады. [2, 88 б.]

Қаржы нарығында шоктар мен соққылардың болуы мүмкін, солардың аталған қаржы нарығына әсер ету қаупін бағалауда қаржылық тұрақтылық жәрдем болады.

Талдауда қолданылатын көрсеткіштер қаржы нарығының мәліметтері мен макро деңгейдегі деректерді, сондай-ақ алдын ала ескерту болатын индикаторлар қосылады.

Қаржылық тұрақтылықты бағалау – бұл күрделі процесс. Іс жүзінде бағалау бірнеше қайталануды қажет етеді. Макроэкономикалық жағдайларға қаржылық жүйенің әсері сол жүйеге кері әсерін тизуі мүмкін. Тәуекелдер мен осалдықтарды сапалы түрде және дер кезінде бағалаудың арқасында қаржы жүйесін нормада ұстап тұруға болады. [3, 190 б.]

Орталық банктің макроэкономикалық саясатының соңғы 20 жыл аралығында нағыз консенсус пайда болды. Ол консенсус ақша-несие саясатының механизмін талдаудағы теориялық негіздерді де, Орталық банктің макроэкономикалық саясатын орналастыру мақсатында керекті институционалды құрылымдарды да қамтиды. Соңғы аталған құрылым жайлы консенсус операциялық тәуелсіздіктің жоғары деңгейін талап етеді және басты мақсат ретінде бағаның тұрақтылығын тәжірибе жүзінде таңдауға негізделген. Негізгі құрал ретінде болашақ жағдайды болжау құрылымдары аясында алдын ала жарияланып қойған күндерде таңдалатын қысқа мерзімді проценттік мөлшерлемені таңдау болып табылады.

Кейбір елдер, мысалға Польша немесе Венесуэла аталған консенсустан қашқан кезде өздерінің Орталық банктің операциялық тәуелсіздіктерін қысқартуға тырысады. Осы арада саясаткерлер бағаның тұрақтылығын бірінші орынға қоюға күмәнданып қалады. [4, 340 б.]

Аталып кеткен жағдайлар бір кәсіпорынның қаржылық мәселелері, бір мемлекеттің экономикалық мәселелерімен қатар жалпы әлемдік қаржы-экономикалық мәселелер орын алуы мүмкін. Соларды болжамдап, талдап, болашаққа түсініктер қалыптастыру мақсатында тұрақтылықтың алар орны ерекше.

Бекітіліп қойған көрсеткіштерін табу арқылы, ал әр көрсеткіштің атқаратын рөлі өте маңызды. Әрқайсысының жауап беретін, сол мемлекет жайлы немесе кәсіпорынның қаржы ресурстарының өткен, қазіргі жағдайын талдап бере алады. Белгіленген нормаға сай келуі үшін компанияға қазір не істеу қажет немесе болашақта қандай шараларды қолдануы қажет – осы сұрақтарға талдау жасағаннан жауапты біртіндеп алуға болады.

Экономикалық теорияда тұрақтылық түсінігі ең алғашқы рет 19 ғасырдың екінші жартысында Батыс Еуропаның ауыл шаруашылығы дамыған кезінде пайда болған.

«Шағын шаруа қожалығының тұрақтылығы» деген мағына қалыптасқан, оның мәні капитализмнің ірі шаруа қожалығымен салыстырғанда артықшылығы бар кіші шаруа қожалығының алдыға жылжуын қамтамасыз етуін және басқарудың тұрақты формасы екендігін дәлелдеу болған еді. Осы теорияның негізін қалаушылар К.Клавки, Г.Пузор, Л.Брентало, М.Хехт деген экономистер болатын.

Өнеркәсіп дамыған елдерде өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұрақтылық мәселесі, еі алдымен, бәсекеге қабілеттілікке, банкроттыққа ұшыраудан құтылу мүмкіндігіне байланысты қарастырылады.

Батыс жақтың әдебиетінде тұрақты кәсіпорын дегеніміз – табыс алудың нормативті деңгейі кезінде өзі үшін жоғары нарық үлесін қамтамасыз ететін кәсіпорындар.

Қазіргі уақытта қаржылық тұрақтылық толығымен зерттелген компонентердің бірі болуының себебі оның экономикада маңыздылығымен түсіндіріледі.

Коммерциялық ұйымдардың қаржылық тұрақтылығы – қаржылық жағдайдың негізгі сипаттамаларының бірі болып табылады, осы ұйымға инвестициялаудың қауіпсіздік дәрежесін көрсететін ең сыйымды және шоғырланған көрсеткіш.

Коммерциялық кәсіпорынның қаржылық өміршеңдігін сипаттайтын қаржылық жағдайдың қасиеті. Маңыздысы – қаржы ресурстарымен қаржыландыру көздерінің бөлігі ретінде меншікті капиталдың жеткілікті үлесі есебінен тұрақты төлемқабілеттілігін қамтамасыз ету. Осының арқасында кәсіпорындарды сыртқы жағымсыз әсерлерден тәуелсіз етеді, оның ішінде несие берушілерден тәуелсіздікті қамтамасыз етеді және сол арқылы банкроттықтың ықтимал қаупін азайтады. [5, 800 б.]

Қаржылық тұрақтылық пен төлемқабілеттілік ұғымдарын ажырата білу керек. Қаржылық тұрақтылық кәсіпорынның ұзақ мерзімлі жағдайын көрсетсе, ал төлемқабілеттілік

ұйымның өзінің барлық қарыздары үшін белгілі бір уақытта және де тек ақша қаражаттар есебінен жауап бере алу қабілетін көрсетеді.

Банкроттыққа ұшырап кетпен үшін оны қалпына келтіру процедураларында төлем қабілеттілігін қалпына келтіру үшін нақты қаражаттың маңыздылығы банкроттық туралы нормаларда бар: борышқор ұйымның төлемқабілеттілігін қалпына келтіруге бағытталған бар шаралар қаражаттың түсуін көздейді.

Қарыздың капиталды пайдаланған кезіндегі негізгі қауіп-қатер – ыңғайсыз жағдайларда міндеттемелерді өтеу үшін ақшаның жетіспеуі. Демек, қарыздық міндеттемелерді өтеу үшін жеткілікті ақшалай нысандағы мүліктің болуы тәуекелдердің төмендеуін қамтамасыз етеді және де сәйкесінше қаржылық тұрақтылықтың шарты болып саналады.

Осыған сәйкес, кәсіпорын активтерінің бөлігі болатын ақшалай компонентті бөліп алған жөн. Міндеттемелерді бірден, экономикалық қызметке зияны тимей есептеуге болады, бұл банкроттық тәуекелді айтарлықтай төмендетеді.

Ақшалай компонентті қаржылық тұрақтылықтың көрсеткіші деуге болады. Ақша активтерінің басқа өтімді активтерден айырмашылығы бар, соңғысы ақшаға айналуы біраз уақытты алады.

Қаржылық тұрақтылықты анықтайтын тәсілдің арқасында оны бағалауға, талдауға, оған әсер ететін факторларды бөлуге мүмкіндік береді.

Кәсіпорынның активтерінің, міндеттемелерінің, ақша ресурстарының жағдайын анықтауда, талдауда және бағалауда қаржылық тұрақтылық көрсеткіштерін анықтау үлкен септігін тигізеді.

Қазіргі уақытта белгіленген он екі көрсеткіштерді талдаудың арқасында кәсіпорынның қаржы ресурстарының жағдайын анықтаймыз. Сонымен қатар, төлемқабілеттілік пен өтімділік көрсеткіштерін талдай келе, кәсіпорын жағдайы жайлы толық мәліметтер ала аламыз.

Қаржылық тұрақтылық арқылы кәсіпорынның кредиторлық қарыздарын дебиторлық есебінен жаба ала ма, қарыз капиталынан қаншалықты тәуелсіз екенін, қажет активтерді меншік капиталынан ала ала ма, қарыз капиталына қаншалықты тәуелді екенін анықтай аламыз.

Қорыта келе, қаржы нарығындағы қаржылық тұрақтылықтың алар орны ерекше, жоғарыда аталған функциялардың орындайтын осы талдаудың арқасында қаржы жүйесі ретке келтіріліп отырады.

Список литературы:

1. Аманова Г.Д., Садуақасова К.Ж. // Экономикалық талдау // Алматы: Эпиграф, 2019. 190-200 б.
2. Абитова А.К., Канабекова А.Т., Андыбаева Г.Т. // Экономикалық талдау: Оқу құралы // Алматы: Лем, 2014. 88 б.
3. Абрютин М.С. // Финансовый анализ // Москва: Дело и сервис, 2017. 190 б.
4. Банк П.Р. // Финансовый анализ // Москва: Проспект, 2017. 340 б.
5. Васильева Л.С. // Финансовый анализ // Москва: КноРус, 2017. 800 б.